

Атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Светлопольск ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 17 ақпандағы № 5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 ақпанда № 6022 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 22 қазандағы қорытындысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Знаменское ауылы халқының пікірін ескере отырып, Светлопольск ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қосымша берілген схемалық картаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Светлопольск ауылдық округінің Знаменское ауылындағы атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

№1 атауы жоқ көше – Бірлік көшесі;

№2 атауы жоқ көше – Никифор Ахременко көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.


3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданы
Светлопольск ауылдық
округінің әкімі*

М.Жакаева

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы
Светлопольск ауылдық округі әкімінің 2020
жылғы 17 ақпаны № 5 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Светлопольск ауылдық округінің Знаменское ауылындағы атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы схемалық карта



Светлопольск ауылдық округінің әкімі М. Жақаева